

Г.Р. Саулембек

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: gulmira.saulembek@gmail.com

ORCID: 0000-0003-3667-267X

ИНТЕРТЕКСТ: ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ МӘҢГІЛІК ДИАЛОГЫ

Аңдатпа. Мақалада интертекстуалдылық құбылысының Батыс және Шығыс әдебиетінде көрініс табуы тарихи және салыстырмалы тұрғыда жан-жақты зерделенеді. Әдеби мәтіндерді талдаудың тиімді әдісі ретінде интертекстуалдылық теориясының мүмкіндіктері сипатталып, оның философиялық бастаулары (мимесис, реминисценция), классикалық және постструктуралистік бағыттағы дамуы сараланады. Интертекст ұғымының дәстүрлі мәдениеттер мен әдебиеттердегі ежелден келе жатқан рөліне ерекше назар аударылады. Әлем әдебиетінің үлгілері, соның ішінде қазақ әдебиетіндегі назирағойлік дәстүрдің интертекстуалдылық құбылысымен байланысы кеңінен қарастырылады. Мақалада Платон, Аристотель, Крестева, Барг, Риффатер, сондай-ақ М.О. Әуезовтің эпос туралы пайымдарына сүйене отырып, мәтіндер арасындағы тарихи, мәдени байланыстардың сипаты ашылады. Мақаланың негізгі мақсаты – әдеби мәтіндердегі интертекстуалдылықтың рөлі мен ерекшеліктерін анықтап, оның әдебиеттанудағы маңыздылығын бағалау. Зерттеу барысында интертекстуалдық, тарихи-компаративистикалық және мәдениетаралық талдау әдістері қолданылады, бұл интертекстуалдылықтың тарихи және әдеби дамуын салыстырмалы түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде интертекстуалдылық теориясының әдеби мәтіндерді талдаудағы маңызды әдіс екені анықталады. Әдеби мәтіндердегі интертекст элементтері тарихи және мәдениетаралық байланыстардың көрінісі ретінде ұсынылады. Зерттеу әдебиеттану саласында интертекстуалдылықты терең түсінуге, оның әдеби және мәдени мәнмәтіндегі орнын бағалауға, сондай-ақ әдеби шығармашылыққа жаңа көзқарастар қалыптастыруға үлес қосады. Білім беру мен шығармашылық үдерістерде интертекстуалдылықты қолдану мүмкіндіктеріне идеялық негіз бола алады.

Алғыс: Мақала BR21882298 «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» жобасы бойынша ұсынылды.

Түйін сөздер: Интертекстуалдылық, назирағойлік дәстүр, мимесис теориясы, фольклорлық мәтіндер, Батыс және Шығыс әдебиеті.

Г.Р. Саулембек

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: gulmira.saulembek@gmail.com

ORCID: 0000-0003-3667-267X

ИНТЕРТЕКСТ: ВЕЧНЫЙ ДИАЛОГ ЛИТЕРАТУРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ

Аннотация. В статье всесторонне исследуется феномен интертекстуальности в западной и восточной литературе с историко-сравнительной перспективой. Рассматриваются возможности интертекстуальной теории как эффективного метода анализа литературных текстов, прослеживаются её философские истоки (мимесис, реминисценция), развитие в рамках классической и постструктуралистской традиций. Особое внимание уделяется исторической роли интертекста в традиционных культурах и литературах. Приводятся многочисленные примеры из мировой литературы, в частности анализируется связь

казахской традиции назира с интертекстуальными процессами. На основе трудов Платона, Аристотеля, Кристевой, Барта, Риффатера, а также М.О. Ауэзова раскрываются исторические и культурные взаимосвязи между текстами. Основная цель статьи – выявить особенности интертекстуальности в литературных произведениях и оценить её значимость в литературоведении. В работе применяются интертекстуальный, историко-компаративный и межкультурный методы анализа, позволяющие комплексно изучить эволюцию интертекстуальности. Результаты исследования подтверждают, что теория интертекстуальности является эффективным инструментом анализа литературных текстов. Интертекстуальные элементы рассматриваются как отражение исторических и межкультурных связей. Исследование вносит вклад в осмысление интертекстуальности как литературного и культурного феномена, способствует развитию новых подходов в литературном творчестве, а также может быть использовано в образовательных и творческих практиках.

Благодарность: Статья выпущена в рамках проекта BR21882298 «Литературоведение и искусствоведение Казахстана в контексте концептуальной эволюции мирового гуманитарного знания».

Ключевые слова: Интертекстуальность, традиция назира, теория мимесиса, фольклорные тексты, западная и восточная литература.

G.R. Saulembek

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: gulumira.saulembek@gmail.com

ORCID: 0000-0003-3667-267X

ETERNAL DIALOGUE IN LITERATURE: A STUDY OF INTERTEXTUAL RELATIONS

Abstract. This article provides a comprehensive historical and comparative analysis of the phenomenon of intertextuality as manifested in Western and Eastern literary traditions. It explores intertextuality as an effective analytical tool in literary studies, tracing its philosophical foundations (mimesis, reminiscence) and its development within classical and poststructuralist frameworks. Special attention is paid to the longstanding role of intertext in traditional cultures and literatures. Through a range of examples from world literature, the study examines the connection between intertextuality and the nazira tradition in Kazakh literature. The works of Plato, Aristotle, Kristeva, Barthes, Riffaterre, and M.O. Auezov are employed to uncover the historical and cultural relationships between texts. The main objective is to identify the role and distinctive features of intertextuality in literary texts and to assess its relevance in literary scholarship. Intertextual, historical-comparative, and intercultural methods are applied to investigate the evolution of intertextuality across literary contexts. The findings confirm that intertextual theory serves as a powerful method for textual analysis. Intertextual elements are interpreted as markers of historical and intercultural relations. This research contributes to a deeper understanding of intertextuality within both literary and cultural contexts, offering new perspectives for literary creativity and providing a conceptual basis for its application in educational and creative domains.

Acknowledgments: The article was published within the framework of the project BR21882298 «The literary and art history of Kazakhstan in the context of the conceptual evolution of global humanitarian knowledge».

Keywords: Intertextuality, Nazira tradition, Theory of mimesis, Folkloric texts, Western and Eastern literature.

1. Кіріспе

Заманауи әдебиеттану саласында мәтіндердің терең мазмұнын ашуға бағытталған интертекстуалдылық теориясы ерекше маңызға ие. Интертекстуалдылық тұжырымдамасы адамзат тарихы басталып, мәтіндер туралы пайымдаулар пайда болған ежелгі дәуірден басталады. Бұл құбылыс мәтіндердің өзара және мәтіннің әртүрлі салаларға жататын басқа мәтіндермен немесе дискурстармен қарым-қатынасының жиынтығы ретінде қарастырылады. Интертекстің негізгі

ерекшелігі – автордың басқа мәтіндерге (шығармаларға) саналы түрде мағыналық сілтеме жасауы, сондай-ақ дәйексөздер, аллюзиялар, пародиялар, плагиат, реминисценциялар және басқа да тәсілдер арқылы өзара байланыс орнатуы. Бұл құбылыс тек көркем шығармалар арасында ғана емес, түрлі өнер салаларында – сурет, музыка, кино, театр туындыларында да кездеседі. Сонымен қатар, бір өнер түрінің екіншісінен алынған «мәтіндерді» пайдалануы интертекст немесе интермедиалдылық деп аталады.

Әдеби сын теориясы, сондай-ақ мәтінтанудағы шығармаларды талдаудың оңтайлы әдісі ретінде интертекст алғаш рет 1967 жылы француз зерттеушісі Юлия Кристева тарапынан ғылыми айналымға енгізілді. Дегенмен бұл тәсіл туралы теория өзіндік жаңалығымен келгенімен, Михаил Бахтиннің мәтінтануға қатысты диалогизм, полифония, хронотоп теорияларымен өзектес еді (Кремнева, 2014: 59-61). Ю.Кристованың интертекстуалдылық теориясындағы ұстанымдар постструктуралистер Ж.Деррида, Р.Барттың еңбектерінде жалғасын тауып (Волчков, 2008), әсіресе, постмодернистік мәтіндерді зерттеу барысында кеңінен қолданылып, әдеби шығарманың басқа мәтіндермен байланысын ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Ғылыми парадигмалар ауысқан сайын түрленіп отырған интертекстуалдылық теориясының ХХ ғасырдағы тарихи даму сағыларында А.Н. Веселовскийдің тарихи поэтикасы мен Ф. де Соссюрдің анаграммалар туралы теориясы тұрғандығын (Васильчикова, 2016), Г.Блум, М.Риффатер және Ж.Дженетт сияқты басқа да теоретиктердің интертекстуалдылық теориясының қалыптасуында ерекше үлестері бар екенін атап өтеміз. Дегенмен мақалада бұл ғалымдардың еңбектеріне тоқталмаймыз. Ол жеке зерттеу жұмысына жүк болатындықтан, кейінгі зерттеулерде қарастыруды жөн көрдік. Бұл зерттеу аясында осы постструктуралистер ұғымындағы интертекст теориясына алғышарт болған көне зерттеулер мен қазіргі интертекстердің Батыс және Шығыс әдебиеті мәтіндеріндегі даму үдерістерін салыстырмалы түрде қарастыруды мақсат етіп отырмыз.

Интертекстуалдылық теориясының маңыздылығын терең түсіну – әдебиеттану саласының жаңа қырларын ашуға мүмкіндік беретін маңызды қадам болып табылады. Бұл мақалада интертекст құбылысының бірқатар аспектілері мен олардың әдебиеттегі қолданыс аясына баса назар аударылады. Себебі интертекстуалдылықтың теориясы өте көп зерттелгендігіне қарамастан оның Батыс әдебиеті мен Шығыс әдебиетіндегі даму тарихы және ондағы жекелеген үрдістер салыстырмалы зерттеу нысаны ретінде аз қарастырылған тақырып. Сондықтан зерттеу барысында интертекстуалдылықтың тарихи негіздері мен оның әдебиет пен фольклор салаларындағы көріністеріне, ролі мен ерекшеліктеріне талдау жасалады. Эпостық жырлардың, көне жәдігерлердің қалыптасуындағы мәтінаралық байланыстардың ерекшеліктері зерделенеді. Назира дәстүрі шығыс әдебиетіндегі интертекстуалдық байланыстың бір түріне жататындығы туралы болжамдар ұсынып, оны нақтылы мысалдармен дәлелдеуге тырысамыз. Бұл тәсіл батыстық центондармен салыстыра қарастырылады. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттегі интертекстуалдылық элементтерінің қазіргі әдебиетке тигізген ықпалы бағаланады.

2. Зерттеу материалдары мен әдістері

2.1 Зерттеу әдістері

Әдеби мәтіндердегі интертекстуалдық байланыстарды анықтау арқылы әдеби шығармаларды тереңірек түсіну мақсатында француз зерттеушісі Ю.Кристева ұсынған интертекстуалдылық теориясы мақалада негізгі талдау әдісі ретінде қолданылды. Бұл әдіс әдеби мәтіндердегі байланыстардың табиғатын түсіндіруде пайдаланылды.

Мақалада антикалық дәуірден бастап (Платон, Аристотель), Қайта өрлеу кезеңінен, сондай-ақ XIX-XX ғасырлардағы еуропалық және қазақ әдебиетіндегі интертекстуалдық ерекшеліктер салыстырмалы түрде зерттелді. Әдебиеттегі интертекст феноменінің тарихи дамуын және оның әдеби мұралардағы көрінісін зерттеуде тарихи-компаративистикалық талдау әдісі қолданылды.

Батыс және Шығыс әдебиеттеріндегі интертекстуалдылықты салыстыру және олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтау мақсатында мәдениетаралық талдау әдісі де пайдаланылды.

2.2 Материалдарға сипаттама

Зерттеу барысында интертекстуалдылықтың тарихи негіздерін талдау үшін антикалық дәуір философтары Платон мен Аристотельдің мимесис теориясына арналған еңбектері зерттеу материалы ретінде пайдаланылды. Қайта өрлеу дәуірінің авторлары Жоашен Дю Белле, Виктор Гюго еңбектері әдебиеттегі еліктеу феноменінің маңызын айқындау мақсатында қарастырылды.

Зерттеуде қазақ әдебиетінің эпикалық мұралары, атап айтқанда «назира» дәстүрі, Мұхтар Әуезовтің эпикалық дастандарды зерттеуімен байланыстырылып талданды.

Постструктуралистік теория тұрғысынан Ю.Кристева, Р.Барт, М.Уортон мен Ж.Стилл, М.Баукс сондай-ақ М.Риффатердің интертекстуалдылыққа арналған еңбектері қолданылды. Шығыс пен Батыс әдебиеті арасындағы шығармашылық және мәдени байланыстарды тереңірек түсіну мақсатында әдебиеттану және мәдени зерттеулер шеңберінде салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу материалы ретінде философиялық, фольклорлық және әдеби дереккөздер кешенді түрде қарастырылып, олардың интертекстуалдылық теориясымен байланысы жан-жақты зерделенді.

3. Талқылау

Интертекстуалдылық теориясы мәтінді талдауға жаңа көзқарас әкелгенімен, ол тарихи тұрғыдан алғанда мүлде жаңа құбылыс емес еді. «Интертекст» ұғымы термин ретінде кейінірек қалыптасқанымен интертекстке алғышарт болған құбылыстар ежелгі әдебиетте жатыр. Уортон мен Стилл 1990 жылы жазылған еңбегінде интертекстуалдылықтың тарихын Аристотель мен Платон дәуірінен бері қарай даму сатыларынан өткені туралы ғылыми пайымдарымен бөліседі. Сондай-ақ «интертекстуалдықтың термин ретінде шамамен отыз жыл бұрын пайда болып, XX ғасыр оған мәдени тұрғыдан ерекше бейім дәуір болғанымен, интермәтіндік қай тұрғыдан да уақытқа байланысты құбылыс емес, ол адам қауымы секілді соншалықты көне» деп тұжырымдайды (Worton and Still, 1990: 2). Ежелгі философтардың тұжырымдарына назар аударсақ, интертекст теориясының алғышарты ғасырлар

бойы қалыптасқанын байқаймыз. Б.д.д. грек философы Платон «Софист» трактатында мимесис ұғымын өнердің, әсіресе поэзияның табиғатқа еліктеу арқылы пайда болуымен байланыстырады. Оның шәкірті Аристотель «Поэтикасында» өнер түрлерінің бәрі белгілі бір деңгейде еліктеуге негізделетінін атап көрсетеді де: «Эпикалық және трагедиялық поэзия, сондай-ақ комедия, дифирамбиялық поэзия, авлетика мен кифаристиканың көп бөлігі – барлығы да еліктеуші өнерлер. Олар бір-бірінен не нәрседе еліктейді, неге еліктейді, қалай еліктейді деген барлық уақытта бірдей бола бермейтін үш түрлі қатынас тұрғысынан ерекшеленеді. Кейбіреулердің оларды тудыру кезінде, бояуы мен пішіндерімен, біреулері шеберлігімен, кейбірі дағдысымен, ал кейбірі табиғат сыйының арқасында көп нәрсеге еліктейтіні сияқты, жоғарыда аталған барлық өнерде солай еліктеу жүзеге асады» (Аристотель, 1957:40), – деп ұстазының еліктеу (мимесис) туралы ілімін тереңдете отырып, өнер туындыларының шынайы өмірді тура қайталамайтынын, керісінше, шығармашылық өңдеуден өтіп, жаңа мазмұнға ие болатындығын айтады. «Аристотельдің көзқарасы бойынша, адамдар еліктеу арқылы үйренеді, ал мимесистен ләззат алу – адамның табиғатына тән қасиет. Кейінірек Цицерон мен Квинтилиан еліктеуді тек үйрену құралы ретінде емес, жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін саналы интертекстуалдық тәжірибе ретінде қарастырған. Олардың ойынша, мимесис – жай қайталау емес, ол белгілі бір мағынаны түсіну және оны толықтыру әрекеті» (Alfaro, 1996: 269). Қайта өрлеу дәуіріндегі ойшылдар өнер тек табиғатқа ғана емес, сонымен қатар табиғатты әсем бейнелей білген өнер иесіне де еліктеуі тиіс деген тұжырым жасады. Бұл идея әдебиетті тануға байланысты теориялардың қалыптасу кезеңінде айтылғанымен, интертекстің мәнін ашуға көмектесетін құнды көзқарастардың бірі болды. Сонымен қатар, бұл ұстаным XX ғасырдың екінші жартысында Ю.Кристева негізін қалаған интертекстуалдылық теориясының басты қағидаларымен үндеседі. Ал интертекстуалдылықтың негіздерін Аристотель ұсынған мимесис теориясымен байланыстырған М.Риффатер «Intertextual Representation: On Mimesis as Interpretive Discourse» атты мақаласында мимесисті шындықты тікелей бейнелеу құралы ретінде емес, керісінше, мәтіндер арасындағы қатынастар арқылы мағынаны құру үдерісі ретінде қарастырады. Ол поэзияның миметикалық емес, семиотикалық үдеріс арқылы, яғни ауыстыру және өзгерту арқылы жүзеге асатынын айтады (Riffaterre, 1984: 142). Аристотель мимесисті шындықтың бейнесі (representational realism) ретінде қарастырса, Риффатер мимесистің мәні тікелей шындықты қайталау емес, бұрынғы мәтіндер мен дискурстарды қайта өңдеу деп есептейді. Ол мимесис ұғымын дәстүрлі мағынасында емес, постструктуралистік дискурста қайта түсіндіреді. Бұл жерде ол интертекстуалдылық ұғымына сүйенеді, яғни кез келген мәтін басқа мәтіндермен байланыста ғана мағынаға ие болады. Мәтіндердегі реалистік бейне (мимесис) оқырманға бұрыннан таныс дискурстар мен мәтіндерді еске түсіру арқылы құрылады. Демек біз шындықты емес, басқа мәтіндер туралы көркем пайымдауларды қабылдаймыз. Оқырман мәтінді оқығанда, ол тікелей реалистік бейнені емес, бұрынғы мәтіндерден алынған интертекстуалдық ишара-белгілерді таниды. Осылайша, мимесис статикалық емес, оқырманның түсіндіруіне тәуелді динамикалық құбылысқа айналады.

XVI–XVII ғасырларда француз ойшылдары әдеби туындыдағы еліктеудің мәні, қандай авторларға сүйену керектігі, дәйексөзді қолданудың артықшылықтары мен шектеулері, сондай-ақ жаңа шығарманың құрылымындағы дәйексөздің рөлі мен авторлық шеберлік туралы ой қозғады. Жоашен Дю Белле «Француз тілін қорғау мен дәріптеу» (1549), Мишель Монтень «Тәжірибелер: Кітаптар туралы» (1592), Жан де Лафонтен «Юэге арнау» (1687) еңбектерінде бұл мәселелер қарапайым, бірақ маңызды тұжырымдар арқылы түсіндірілді. Осы ғалымдардың ішінде Жоашен Дю Белле «Француз тілін қорғау мен дәріптеу» атты трактатында: «...біздің еліктеушіміз ең алдымен кімге еліктегісі келетініне, олардың несіне еліктей алатынына және еліктеуге қайсысы лайықты соған қарасын... Ең алдымен, ол өзінің бейімділігін мұқият зерттеп, өз ойынша етене жақын келе аламын деген адамға еліктеп бастауы үшін, өз күшін таразылап, шамасы неге жететінін сынап көруі керек.....» (Дю Белле, 1981:255-256), – дейді. Ойшылдың бұл пікірі авторлық шеберліктің өзіндік ерекшеліктерін терең түсінуді талап ететінін көрсетеді. Дю Белле шығармашылық үндестіктің маңыздылығын атап өтіп, егер жазушы өз табиғатына сай келмейтін үлгілерге сүйенсе, мұндай еліктеу сәтсіздікке ұшырайтынын ескертеді.

Жоашен Дю Белленің трактатында еліктеуге негізделген мәтінаралық байланыс барысында автор беделі ерекше маңызға ие екенін аңғарамыз. Ол мәтін еліктеуге лайық болуы үшін автор беделі мен мәтіннің құндылығын ескеру қажет екенін атап өтеді. Егер бұл идеяны қазіргі көзқарас тұрғысынан қарастырсақ, мәтіннің маңызын арттыру және оқырманның тұтас мәтіннің ішінен дәйексөз ретінде алынған түпнұсқа мәтінді ажыратып, салыстыра отырып ой түйюі үшін пайдаланылатын дереккөз танымал мәтін, танымал есім, танымал мәлімдеме не танымал ситуация болуы қажет.

Осы талаптарға сай таңдалған дереккөздер мәтіндегі интертекстуалдық байланыстарды айқын көрсетіп, автор мен оқырман арасындағы диалогты тереңдете түседі.

Егер бұл талаптар сақталмаса, мәтіннің толыққанды түсінілуіне нұқсан келіп, автордың интертексті қолданудағы мақсаты жүзеге аспай қалуы әбден мүмкін. Себебі оқырман түпнұсқа мәтін мен дәйексөз арасындағы байланысты тануда қиындыққа тап болып, интертекстуалдық амал өз әлеуетін толық аша алмайды. Жоашен Дю Белле трактатында бұл мәселе жүйелі түрде талданбағанымен, автордың еліктейтін мәтінінің құндылығы мен маңызын саралап, оның өз шығармашылығына үйлесімділігін анықтау қажеттігін дәл көрсете білген.

XIX ғасырдағы зерттеушілер де өз еңбектерінде интертекст жөніндегі пайымдарымен бөлісіп, зерттеу аясын тереңдете түсті. Мысалы, В.Гюго «Одалар мен балладалар» атты жинағына жазған алғысөзде («Оды и баллады», 1826) автордың өзінен бұрынғы шығармаларға еліктеуден өзін аулақ ұстауы керектігін атап өтеді. Ол еліктеу жазушының шығармашылық қуатын әлсіретеді деген тұжырым жасап, нағыз өнер табиғат пен шындыққа негізделуі тиіс дейді. В.Гюгоның пікірінше, жазушы шығармашылық ізденісінде тек «Інжіл» мен Гөмер мұрасын зерттеу арқылы кемелдікке жете алады (Гюго, 1956: 40-42). Гюго бұл пікірі арқылы өз дәуіріндегі әдебиеттің жағымсыз үрдістерді тұспалдап көрсеткенімен, интертекстуалдылықтың

аясын тарылтып, тек санаулы шығармаларды ғана интертекстуалды байланысқа лайық көрген. Ол интертекстуалдылықтың автордың мәдени ортасы, білімі және саналы бақылауынан тыс қабылдаған мәтіндері арқылы да қалыптасатынына терең бойламай, еліктеудің саналы түрде жүзеге асатын түріне ғана назар аударады. Бұл оның интертекст тек мақсатты түрде жасалады деген түсінікке бейім болғанын көрсетеді, алайда кейінгі зерттеулер интертекстуалдылықтың жазушы санасынан тыс та жүзеге асатынын дәлелдеді.

XX ғасырда француз философы, постструктурализм мектебінің өкілі Ролан Барт және басқа да зерттеушілер интертекстуалдылықтың негізгі ерекшеліктерінің бірі ретінде мәтіннің қат-қабаттылығын (палимпсест) атап көрсетеді. Олар кез келген мәтінді интертекст ретінде қарастырып, көне немесе заманауи мәдени элементтердің автор санасы арқылы сүзіліп, жасырын дәйексөздер, аллюзиялар, парафразалар, еліктеу нәтижесінде мәтінге енбей қоймайтынын алға тартады. Бұл үдеріс көбіне автордың еркінен тыс жүреді.

Р.Барт интертекстті «тоқылған матаға» теңеп, кей жағдайда мәтіндегі интертекстік элементтерді анықтау мүмкін болғанымен, кейбір жағдайларда оларды айқындау қиын екенін айтады. Ол мұны автордың жинақтаған бүкіл білімі мен мәдени тәжірибесінің жаңа мәтінге бейсаналы түрде сіңуімен түсіндіреді (Барт, 1973:78). Р.Бартьтың интертекст жөніндегі тұжырымдары «автордың өлімі» теориясымен сабақтасып, XX ғасырдың екінші жартысында постмодернистік мәтіндерді талдаудың негізгі құралдарының біріне айналды.

Ж.Женнет интертекстерге егжей-тегжейлі талдау жасай келе оны тек мәтіндік құбылыс ретінде қарастырады. Ол мұндай мәтіндерді түсіну белгілі бір деңгейде «қалыптастырушы пайымға, яғни оқырманның интерпретациялық шешіміне» тәуелді екенін мойындағанымен, «оқырманның герменевтикалық қызметіне» тым үлкен «билік» пен «маңыз» беруді құптамайтынын ашық мәлімдейді. Женет интертекстуалдық құбылысты құрылымдық мәтіндік талдау шеңберінде қарастырып, оқырман интерпретациясына шектеулі мән береді (Genette, 1997:9).

Алайда интертекстуалдық өзгеріске түскен мәтінді оқу – ерекше әрі айрықша ләззат сыйлайтын үдеріс екені белгілі. Оқу үдерісі мәтінаралық байланыста автор шығармашылығына жетеқабыл маңызды қызмет атқарады. Оқырман автор тек ұсынылған мәтін бөліктерін құрастырып қана қоймай, бұрынғы мәтінді есте сақтай отырып, оған қосымша мән үстейді, мағына дарытады. Зерттеуші Турк те интертекстуалдылық арқылы берілген мәтіндегі оқырманның роліне ерекше назар аударып: «Оқырманның бұл мәтінді қалай қабылдайтыны – оның бұрынғы мәтінмен таныстығына тікелей байланысты. Практикалық тұрғыдан алғанда, мәтін трансформативті болып саналуы үшін оқырман оны солай деп тануы және солай оқуы қажет: егер оқырман баяндаудың құрылымына бірлесе қатыспаса, мәтін өзіне жүктелген қызметті орындай алмайды» – дейді (Turk, 2011:296). Мәтіндердің мәңгілік ғұмыры автор-мәтін-оқырман үштағанына тікелей байланысты деген пікірді қуаттағандықтан, ғалымның бұл пікірі интертекст теориясындағы маңызды тұжырым деп білеміз.

Жалпы, интертекст мәселесі зерттеушілердің назарын ежелден өзіне аударған құбылыс. Бұл тақырыпқа байланысты бірқатар көрнекті ғалымдар мен жазушылар

құнды еңбектер қалдырды. Мысалы, Т. де Квинси «Адам миының палимпсесті» (*Suspiria de profundis*, 1845) атты еңбегінде, М.Пруст «Флобер «стилі» туралы, Хроникалар» (1928) мақаласында, Х.Л. Борхес «Пьер Менар – “Дон Кихоттың” авторы» (1939) зерттеуінде, Р.Барт «Әдебиет және үздіктілік» (1962) атты жұмысында интертекст ұғымын түрлі қырынан қарастырды. Сондай-ақ, М.Фуко «Ғажайып кітапхана» (1967), М.Бютор «Сын және шығармашылық» (Репертуар III, 1968), Н.Пьего-Гро «Интертекстуалдылық теориясына кіріспе» (2008), Ж.Женетт «Палимпсестер» атты еңбектерінде бұл ұғымның көпқырлы сипаты жан-жақты зерделенді.

Қазақ әдебиеттануында интертекст ұғымының орнын басып тұрған мәтінаралық байланыстар мәселесін зерттеуге бірқатар ғалымдар өз үлесін қосты. Әдебиеттанушы Р.М.Әбдіқұлова интертекстуалдық теориясының сілемдерін қазақ әдебиеттануының бастапқы кезеңдеріндегі еңбектерде де кездестіруге болады дейді (Әбдіқұлова, 2015: 33). Олардың қатарында А.Байтұрсынұлы, М.О. Әуезов, Н.Келімбетов, Е.Д. Тұрсынов, Ө.Күмісбаев, А.Қыраубаева, А.С. Адилова, Р.Әбдіқұлова, К.С. Бұзаубағарова, С.С. Агибаева, А.Б. Темірболат және басқа да зерттеушілер бар.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, әдебиеттанушы, ғалым М.О. Әуезов интертекст құбылысын арнайы зерттеу нысанына айналдырмаса да, оның «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» мақаласындағы эпостық мұралардың қалыптасуы туралы пайымдары интертекст табиғатымен тікелей үндеседі.

«Халық арасында әлдебір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп тұңғыш эпостық дастанның тууына негіз қалауы ықтимал. Бір ақынның аузынан екінші ақынға көшкенде дастан толысып, оқиғасы қалыңдап, молыға түсіп отырған. Эпостық дастанның туып, қалыптасуына ақындармен бірге халық та қатысқан, кей нұсқаны қабыл алып, кейбір нұсқаны жақтырмаған. Дастанның бар ақын жырлайтын тұрақты, түбегейлі нұсқасы жасалғанша осылай болған» (Әуезов, 1985: 157) – деген тұжырымына зер салсақ, фольклорлық мұралардың сақталуында, жаңғыруында және дамуы барысында интертекстуалдылықтың маңызды рөл атқарғанын байқаймыз. Бастапқыда бір оқиғаға негізделген дастан мәтіні келесі жыршының орындауында жаңа өңдеуден өтіп, авторлық реминисценция арқылы мүлде жаңа мағынаға ие болған. Бұл үдерісте мәтіннің үздіксіз өзгеріске ұшырап, жаңа оқиғалық қырларымен толығып отыруында шығармашылық қиялға қоса интертекстуалдық байланыстардың да үлесі мол.

Кез келген халықтың ежелгі мұраларын зерттей қарасақ, интертекстуалдылықтың айқын іздерін байқауға болады. Бұл, әсіресе, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен эпостық шығармаларда ерекше көрініс табады.

Мысалы, шамамен б.д.д. VII ғасырда пайда болған түркі дастаны «Алып Ер Тоңға» сюжеті, мазмұны және стильдік ерекшеліктері тұрғысынан парсы ақыны Әбілқасым Фирдаусидің «Шахнама» дастанының бірнеше тарауына негіз болған. Фирдауси өз дастанында Тұран мен Иран арасындағы тартысты сипаттай отырып, түркілердің тарихи тұлғаларының әрекеттері мен ерліктерін бейнелеген. Бір халықтың эпостық

мұрасы екінші халықтың әдеби жәдігерімен астасып, жаңаша интерпретацияған. Бұл жағдай тек әдеби ықпалдастық қана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени байланыстардың тереңдігін көрсетеді. Көне жәдігерлерге салыстырмалы зерттеу жасаған Н.Келімбетов: «Фирдаусидің «Шахнамасында» Тұран елінің қалың қолын бастаған Афрасиаб (Алып Ер Тоңға) жорықтарын бейнелеп көрсеткен оншақты арнаулы тараулар бар. Олар: «Афрасиабтың Бәрман мен Құмайынды Сұхраб құзырына жіберуі», «Афрасиабтың қорқынышты түс көруі», «Афрасиабтың қайраткерлермен мәслихат құруы», «Сияуыш пен Афрасиабтың бір-біріне ант беруі», «Афрасиабтың Сияуышқа хат жазуы», «Афрасиаб пен Сияуыштың аңға шығуы», «Афрасиаб ордасына Рүстемнің түнде шабуыл жасауы», «Афрасиабтың ирандықтардан жеңілуі», т.б. Демек, парсы елінің ұлы шайыры Фирдауси осы «Алып Ер Тоңға» дастанын толық күйінде оқыған сияқты. Ол өзінің «Шахнамасында» Тұран елінің патшасы, әскери қолбасшысы, даңқты батыры Алып Ер Тоңға жайында әфсана-аңыздарды, тарихи деректерді, мақтау өлеңдері мен жоқтау жырларын аса дарынды сөз зергеріне ғана тән шеберлікпен пайдалана білгені көрініп-ақ тұр» (Келімбетов, 2005:21- 22), – десе, әлемдегі «Шахнаманы» зерттеуші ғалымдар А.Стариков «Шахнаме: об эпосе «Шахнаме» (1957), «Литературные памятники», Фридрих фон Шпигель «Eranische Alterthumskunde», (том I, Лейпциг, 1871), Теодор Нёльдеке «Persische Studien, Das iranische Nationalepos» атты зерттеу еңбектерінде X-XI ғғ. шамамен отыз бес жыл бойы жазылған бұл дастанда зароастризмнің қасиетті кітабы Авестаның, үнді мәдениетінің әйгілі мұрасы Ригведаның, сондай-ақ исламға дейінгі және исламнан кейінгі түрлі халықтардың ежелгі мифтері мен аңыздарынан алынған жекелеген сюжеттер мен мотивтер жинақталғанын дәлелдеген. Ал «Шахнама» әлем халықтарының әдеби мұраларына зор ықпал етіп, интертекстің түрлі әдістерін қолдана отырып жазылған шығармалардың тууына себепші болды. Парсы және түркі әдебиетінде «Шахнамаға» еліктеу негізінде көптеген тазкирелер дүниеге келді. «Тазкире – парсы және түркі әдебиеттеріндегі ортағасырлық әдебиеттанудың негізгі формаларының бірі. Бұл жанр негізінен поэзияда көрініс тауып, дәйексөз ретінде алынған шығармалардың алдында авторлар туралы қысқаша мәлімет беріледі. Тазкиредегі материалдар географиялық және әулеттік-хронологиялық қағида бойынша жүйеленеді» (Қазақ әдебиеті, 2005; 433).

Ал Батыс Еуропада мәтінаралық байланыстар тарихының бастауы антикалық дәуірде жатыр. Ортағасырлық әдебиетте жеке авторлық мәселесі айқындалмаған кезеңде көптеген мәтіндер, әсіресе, қасиетті жазбалар, ғаламдық рухани болмыс жөніндегі эзотериялық білім жиынтығы ретінде қабылданды. Сол дәуірде авторлардың өз еңбектерінде басқа мәтіндерден алынған дәйексөздерді тырнақша мен сілтемесіз қолдануы кең таралған тәжірибе еді. Антикалық дәуірдің соңына қарай әртүрлі шығармалардан алынған үзінділерден құралған центондар жасау әдеби тәжірибенің бір бөлігіне айналды. Сонымен қатар, ежелгі интертекстуалдық тәсілдердің бірі – реминисценция да Платонның «Федр», «Менон», «Федон» секілді еңбектерінде түсіндіріліп, термин ретінде орнықты. Бұл құбылыс центондармен ұқсастыққа ие, себебі ол да алдыңғы мәтіндермен тығыз байланыс орнатудың бір түрі ретінде қолданылды.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Батыс әдебиетінде түпкі бастауы мимесиске тірелетін мәтінаралық байланыстар Шығыс әдебиетінде, оның ішінде қазақ әдебиетінде де өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасқан. Қазақ әдебиетіндегі интертекстің бір көрінісі – «назира» немесе «назирагөйлік» дәстүрі. Бұл дәстүр белгілі бір шығарманың мазмұнын сақтай отырып, оны жаңа көркемдік шешімдермен, өзіндік стильдік ерекшеліктермен қайта жырлау арқылы дамытуды көздейді. Назирагөйлік қазақ әдебиетінде поэтикалық диалогтың, мәтіндер арасындағы байланыстың маңызды тәсілдерінің бірі ретінде орныққан. «Назира», «назирагөйлік» дәстүрі осы аталған интертекстің қазақ әдебиетіндегі бір көрінісі. «Назира (араб. тілінен – жауап, ұқсату мағынасында) – шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Белгілі бір ақынның өзіне дейінгі классикалық жырлаған шығармаға «жауап» қатуы түрінде, өнер сынасу, өлең жарыстыру мақсатында пайда болған. Жыр бәйгесіне тәуекел еткен шайыр бұрыннан мәлім жырдан жаңаша жол іздеуге, өзі өнеге тұтып отырған дастанның тақырыбын, өлең өлшемін көркемдеу тәсілін пайдаланып, ілкі туындыдан асып кетпесе жетеғабыл түсетін, өзіндік бояу, реңі бар шығарма жазуға тиіс еді...» (Қазақ әдебиеті, 2005:391). Назирагөйлік дәстүрі тек сюжеттердің қайталануымен шектелмей, өлеңнің ырғағы, ұйқасы, көркемдік құралдарына дейін сақталатын ерекшелігімен дараланады. Парсы-түркі поэзиясында бұл үрдіс XI ғасырдан бастап ақынның шығармашылық шеберлігін сынау тәсілі, әдеби тартыстың бір құралы ретінде қолданылып, XIII ғасырдан бастап кеңінен өрістей түсті.

Антикалық дәуірдегі Гомер мен Аристофанның комедияларынан, сондай-ақ Овидий, Вергилий, Лукан поэзиясынан құрастырылған центондар секілді, Шығыс поэзиясында да белгілі шығармаларды жаңаша жырлау дәстүрі орнықты. Низами дастандарының ықпалымен Дехлеуи, Жәми, Науаи, Физули сынды ақындар назирагөйлік бағытында бай әдеби мұра қалдырды. Егер антикалық центондар қалыптаса келе діни сипат алып, Інжіл мәтіндерін қайта баяндауға негізделген діни сипатымен ерекшеленсе, Шығыс поэзиясы, соның ішінде қазақ әдебиеті де назира дәстүрі арқылы алғашқы мифтерден, аңыздардан «Құран» желілерінен, «Мың бір түн», «Тотынама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Шахнама», «Жүсіп-Зылиха» сияқты шығармалар желісінде жазылған қисса-дастандармен толықты.

Қазақ әдебиетіндегі назирагөйлік дәстүрдің жарқын мысалдарына: Шәкәрім Құдайбердіұлының Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын жаңаша жырлауы және Пушкиннің «Дубровский» поэмасын негізге ала отырып осы аттас шығармасын жазуы, Абай Құнанбайұлының ортағасырлық Шығыс әдебиетінде кең таралған Александр Македонский туралы дастандар желісінде жазылған, бірақ өзіндік көркемдік шешіммен ерекшеленетін «Ескендір» поэмасы, Тұрмағамбет Ізтілеуовтің Фирдоусидің «Шахнамасынан» бастау алатын «Рүстем-Дастан» поэмасы жатады.

Бұл туындылар назирагөйлік дәстүрдің қазақ әдебиетіндегі көркем жалғасуы мен интертекстуалдық байланыстардың маңыздылығын айғақтайды.

Жоғарыда аталған әдеби тәсілдермен қатар, ежелгі әдеби мұраларда кездесетін интертекстуалдық құбылыстарды мәтіндік талдау барысында төмендегідей ерекшеліктер арқылы анықтауға болады:

- Мәтіндердің бірнеше нұсқада таралуы – шығарманың әртүрлі өңдеулерден өтуі, дәстүрлі түрде әр ұрпақтың өз заманындағы эстетикалық және идеялық талаптарға сай қайта жырлануы;

- Сюжеттердің бірнеше мәтінде қайталануы – белгілі бір оқиғалық желінің әртүрлі дәуірлердегі, түрлі авторлардың шығармаларында кездесуі;

- Мотивтердің бірнеше мәтінде қайталануы – ортақ сарындар мен концептілердің әртүрлі көркем туындыларда орын алуы;

- Мәтіннің бірнеше авторының болуы – белгілі бір шығарманың әртүрлі авторлардың өңдеуінен өтіп, түрлі нұсқаларының қалыптасуы;

- Бір образдың екі не одан да көп мәтінде көрінуі – белгілі бір әдеби кейіпкердің немесе архетиптік бейненің әртүрлі шығармаларда бейімделуі.

Осы ерекшеліктерді негізге ала отырып, көне әдеби жәдігерлердегі интертекстуалдық байланыстарды анықтауға болады.

Әдебиет – ұлттың көркемдік жадын сақтайтын жүйе болғандықтан, әрбір жаңа мәтін – өткен әдеби дәстүрлермен байланыстағы «ескі мәтін» іспетті. Бұл тұрғыдан алғанда, кез келген халықтың дәстүрлі әдебиеті интертекстуалдық байланыстарға негізделген көркем шежіре болып табылады. Микаэла Баукс мәтінді жеткізу құралына немесе материалына тәуелсіз таңбаларды өндіру немесе қабылдау үдерісінің маңызды формасы ретінде қарастырады. Ол: «Антикалық дәуірде интертекстуалдылық мәтіндерді хатшылардың дауыстап оқуымен және көшіріп жазуымен тығыз байланысты болды. Бұл үдерісте хатшылар мәтіндік дәстүрлерді қайта құрастырып, өңдеп, толықтырып, кейінгі ұрпаққа жеткізді. Жартылай ауызша сипаттағы әлемде мәдениеттердің өзара ықпалдасуын бейнелейтін кең ауқымды когнитивтік жүйе антикалық мәтіндердегі интертекстуалдылықтың өрістеуіне ықпал етті» – дейді (Bauks, 2013:12). Ғалымның пікірінше, мәтіннің (жиі) қайта жазылып, кеңейтілуі оның белгілі бір қоғамның мәдени жадында орнығып, жазбаша немесе канондық беделге ие болғанын білдіреді. Себебі антикалық дәуірде мәтін негізінен ауызша оқылып, үнемі сілтеме жасалатын тұрақты дереккөз ретінде қызмет еткен. Мұны біз шығыстық әдеби үлгілерге де қатысты айта аламыз. Сондықтан ежелгі мәтіндердегі интертекстуалдылық қазіргі заманғы интертекстуалдылықтан өзгеше сипатта қарастырылуы қажет. Тек ортақ белгісі әдебиеттанушы М.Бахтин анықтап кеткендей: «Сөйлеуші сөзінің тақырыбы, қандай тақырып болса да, ол бірінші рет сөйлеу объектісіне айналғалы және сөйлеуші бұл туралы бірінші рет айтқалы тұрған жоқ. Тақырып, былайша айтқанда, келісіліп, талқыланып, баяндалып және түрліше бағаланып қойған, ол туралы әртүрлі көзқарастар, дүниетанымдар, бағыттар тоғысады және алшақтайды. Сөйлеуші тек таза, әлі атау берілмеген заттарды көріп, оларға алғаш рет есім бергелі тұрған інжілдік Адам емес» (Бахтин, 1996:198).

Яғни, көне әдеби жәдігерлерде адамзатты толғандырған мәселелер кейінгі мәтіндерде қайта жаңғырып, нақтыланып немесе мүлде қарама-қарсы көзқарастар тұрғысынан жаңаша мәнге ие болуы мүмкін.

4. Зерттеу нәтижелері

Интертекстуалдылық құбылысының тарихи тамыры ежелгі дәуірге дейін созылатынын интертекстуалдылықтың теориясына қатысты еңбектерді қарастыра

отырып көз жеткіздік. Бұл зерттеулер интертекстуалдылықтың батыс әдебиетіндегі даму сатыларын қамтиды. Осы зерттеулердегі Платон мен Аристотельдің еңбектерінде өнер мен әдебиеттің мимесис (еліктеу) теориясына сүйене отырып шығыс әдебиетіндегі интертекстуалдылықтың даму бағыттарына жасаған болжамдарымыз дәлелденді.

Шығыс әдебиетіндегі интертекстуалдылықтың даму сатысының бір көрінісі ретінде «нәзирагөйлік», дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері нақтылы талдаулармен қисындалды. Бұл дәстүрлердегі белгілі шығармаларға жауап ретінде жаңа шығармалар жазудағы мәтінаралық байланыстар интертекстуалдылықтың шығыс мәнерінде қалыптасқан ерекше тәсілдер екені ғылыми негізделді.

Әлемдік әдеби мұралардағы интертекстуалдылық әдісінің даму сатыларының фольклорлық мәтіндердегі мәтінаралық байланыстардан бастау алатыны секілді қазақ әдеби мәтіндерінің қалыптасуындағы фольклорлық және әдеби дәстүрлердің рөлі зерделенді.

Кез келген мәтіннің іргелі қасиеті ретінде қарастырып отырған интертекстуалдылық құбылысының Батыс және Шығыс әдебиетіндегі тарихи дамуындағы ортақ ерекшеліктері және әдебиеттанудағы орны салыстыру барысында кеңінен талданды.

5. Қорытынды

Интертекстуалдылық әдісі әлемдік әдебиеттану үшін күн тәртібінен түспеген, әр қырынан түрлі парадигмалар аясында түрлене зерттеліп келе жатқан әдіс. Бұл мақалада сол әдістің Батыс және Шығыс әдебиетіндегі қолданыс аясының бірнеше ерекшеліктеріне ғана тоқталып өттік. Мақалада салыстырмалы зерттеу арқылы шығыс әдебиетінің дамуында тек өзіне ғана тән мәтінаралық байланыстардың түрлері болғандығына назар аудартуға тырыстық. Бұл әлі де терең зерттеулерге негіз боларлық тақырып. Бұл мақала әдебиеттану ғылымындағы интертекстуалдылықтың әмбебаптығы мен маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы орайда мақаланың маңыздылығын арттыратын, құндылықтық бағдарларын атай отырып қорытындылағымыз келеді:

Зерттеу мәтіндер арасындағы қарым-қатынасты зерттеп қана қоймай, мәдениетаралық және тарихи байланыстардың әдебиетке әсерін анықтауға ықпал етеді. Әдеби мәтіндерді талдауда интертекстуалдылық теориясын практикада қолдану мүмкіндіктеріне жол ашады.

Әдебиет пен өнерді оқытуда бұл әдіс оқушыларға және студенттерге мәтіндерді тереңірек түсінуге ықпал етеді. Әсіресе, шығармашылық жазу сабақтарында интертекстуалдылық жаңа идеяларды дамыту үшін қолданылуы мүмкін. Қаламгерлер үшін интертекстуалдылық шығармашылық процесінде жаңа идеялар мен бағыттарды табуға көмектеседі. Фольклорлық мәтіндер мен дәстүрлердегі интертекстуалдық байланыстарды зерттеу мәдени мұраны сақтау мен түсіну үшін маңызды.

Қорытындылай келе, мақала әдеби және мәдени зерттеулер үшін кең көлемде қолданылуы мүмкін маңызды әдіснамалық негізді ұсынады. Әдебиеттану саласында интертекстуалдылық ұғымының маңыздылығы мен құндылығын жан-жақты талдау әлемдік әдебиеттануда толастаған жоқ. Бұл әдістің тарихи негіздеріне қатысты болжамдар, дамуы мен әлемдік әдебиеттегі қолданысына қатысты зерттеулер легі

де біршама. Біздің зерттеуіміз осы бағыттағы жұмыстарды толықтырумен қатар, интертекстуалдылықтың шығыстық даму ерекшеліктерін зерттеуге үлес қосары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Әбдіқұлова Р.М. (2016). Қазақ сөз өнеріндегі интертекст мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2016. – 154(2). – Б. 33-36. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1706>
2. Alfaro M. J.M. Intertextuality: Origins and Development of the Concept // Atlantis, 1996. – 18(1/2). – P. 268–285. <http://www.jstor.org/stable/41054827>
3. Аристотель Об искусстве поэзии. – Москва: «Художественное литература», 1957. – 138 с.
4. Әуезов М.О. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1985. – Т. 17. – 352 б.
5. Bauks M. Intertextuality in Ancient Literature in Light of Text-linguistics and Cultural Studies. – Between Text and Text. The Hermeneutics of Intertextuality in Ancient Cultures and Their Afterlife in Medieval and Modern Times edited by Michaela Bauks, Wayne Horowitz etc. Bristol, Vandenhoeck & Ruprecht, 2013. – 363 p.
6. Barthes R. Text // Encyclopedia universalis. – Paris, 1973. – Vol. 15.
7. Васильникова Т.Н. (2016). Теория интертекста в филологии: основные этапы исторического формирования // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Социальные, гуманитарные, медико-биологические науки, 2016. – №18 (1-2). – с. 189-196.
8. Волчков А.С. Теория интертекстуальности и ее роль в библейских исследованиях // Христианское чтение, 2018. – №4. – с. 42-46. doi: 10.24411/1814-5574-2018-10081
9. Genette G. Palimpsests: Literature in the Second Degree. Translated by Channa Newman and Claude Doubinsky. – Lincoln: Univ. of Nebraska Press, 1997.
10. Гюго В. Предисловия к различным изданиям сборника «Оды и баллады». Предисловие к изданию 1826 года // Собр. соч.: В 15 т. Критические статьи, очерки, письма. – Москва: Худ. лит., 1956. – Т. 14. – 768 с.
11. Дю Белле Ж. Эстетика Ренессанса: Сост. В.П. Шестаков, В 2 т. Т. 2. – М.: Искусство, 1981. – 641 стр.
12. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Алматы: Алатау, 2005. – 332 б.
13. Кремнева А.В. Эволюция теории интертекстуальности в контексте меняющихся парадигм // Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация, 2014. – 12 (1). – С. 54-63.
14. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd7», 2005. – 576 б.
15. Бахтин М. Проблема речевых жанров // Собр. соч.: В 7 т. Т. 5. – М.: Русские словари, 1996. – 732 с.
16. Riffaterre M. Intertextual Representation: On Mimesis as Interpretive Discourse. – Critical Inquiry, 1984. – 11(1), 141–162. <http://www.jstor.org/stable/1343294>
17. Turk T. Intertextuality and the Collaborative Construction of Narrative: J. M. Coetzee's Foe. Narrative. The Ohio State University Press Volume 19, Number 3, October 2011 pp. 295-310 DOI: 10.1353/nar.2011.0019 <https://www.scopus.com/pages/publications/80355136587>
18. Worton M., Judith S. Intertextuality: Theories and Practices. – Manchester: Manchester University Press, 1990.

References:

1. Abdikulova, R. M. (2016). Qazaq söz önerindegi intertektst мәselesi [The Problem of Intertext in the Kazakh Word Art]. QazҰU Habarshysy. Filologia seriasy, vol. 154, no 2, pp. 33-36. Retrieved from <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1706> (in Kaz.).
2. Alfaro, M. J. M. (1996). Intertextuality: Origins and Development of the Concept. Atlantis, vol. 18, no (1/2), pp. 268-285. <http://www.jstor.org/stable/41054827> (in Eng.).
3. Aristotel. (1957) Ob iskustve poezii [On the Art of Poetry]. Moskva: «Hudojstvennoe literatura», – 138. p. (in Russ.).

4. Auezov M.O. (1985) Qazaq halqynyñ eposy men föklory [The Epic and Folklore of the Kazakh People]. Jyırma tomdyq şyğarmalar jınağy. Almaty: «Jazuşy», Vol. 17. – 352 p. (in Kaz.).
5. Bauks M. Intertextuality in Ancient Literature in Light of Text-linguistics and Cultural Studies. – Between Text and Text. The Hermeneutics of Intertextuality in Ancient Cultures and Their Afterlife in Medieval and Modern Times edited by Michaela Bauks, Wayne Horowitz etc. Bristol, Vandenhoeck & Ruprecht, 2013. – 363 p. (in Eng.).
6. Barthes R. (1973) Text. // Encyclopedia universalis. Paris: vol. 15. (in Eng.).
7. Vasilchikova T.N. (2016). Teoria interteksta v filologii: osnovnye etapy istoricheskogo formirovaniya. [The Theory of Intertext in Philology: Main Stages of Historical Development.] İzvestia Samarskogo nauchnogo sentra Rosiskoi akademii nauk. Sosiälnye, gumanitarnye, mediko-biologicheskie nauki, 18 (1-2), pp. 189-196. (in Russ.).
8. Volchkov A.S. (2018). Teoria intertekstuälnosti i ee röl v bibleiskih issledovaniyah [The Theory of Intertextuality and Its Role in Biblical Studies]. Hristianskoe chtenie, (4), pp. 42-46. doi: 10.24411/1814-5574-2018-10081 (in Russ.).
9. Genette G. (1997) Palimpsests: Literature in the Second Degree. Translated by Channa Newman and Claude Doubinsky. Lincoln: Univ. of Nebraska Press. (in Eng.).
10. Gügo V. (1956) Predislovia k razlichnym izdaniyam sbornika «Ody i balady». Predislovie k izdaniu 1826 goda [Prefaces to Various Editions of the Collection Odes and Ballads. Preface to the 1826 Edition]. Gügo V. Sobr. soch.: in 15 vol. vol. 14. Kriticheskie stati, ocherki, pisma. M.: Hud. lit., S. (in Russ.).
11. Dü Belle J. (1981) Estetika Renesansa [Renaissance Aesthetics]: Sost. V.P. Şestakov, V 2 t. T. 2. M.: İskustvo, – 641 p. (in Russ.).
12. Kelimbetov N. (2005) Ejelğı ädebi jädıgerlikter [Ancient Literary Monuments]. Almaty: Alatau, – 332 p. (in Kaz.).
13. Kremneva A.V. (2014). Evolüsia teorii intertekstuälnosti v kontekste menäiuşıhsä paradıgm [The Evolution of Intertextuality Theory in the Context of Changing Paradigms]. Vestnik Novosibirskogo gosudarstvennogo universiteta. Seria: Lingvistika i mejkülturnaia komunikasia, 12 (1), pp. 54-63. (in Russ.).
14. Qazaq ädebieti. Ensiklopedialyq anyqtamalyq [Kazakh Literature: Encyclopedic Reference Book]. (2005) Almaty: «Aruna Ltd7», – 576 p. (in Kaz.).
15. Bahtin M. (1996) Problema rechevyh janrov [The Problem of Speech Genres] // Sobr. soch.: V 7 t. T. 5. M.: Ruskie slovari, – 732 p. (in Russ.).
16. Riffaterre, M. (1984). Intertextual Representation: On Mimesis as Interpretive Discourse. Critical Inquiry, 11(1), 141–162. <http://www.jstor.org/stable/1343294> (in Eng.).
17. Turk T. (2011) Intertextuality and the Collaborative Construction of Narrative: J. M. Coetzee's *Foe*. Narrative. The Ohio State University Press Volume 19, Number 3, October 2011 pp. 295-310 DOI: 10.1353/nar.2011.0019 <https://www.scopus.com/pages/publications/80355136587> (in Eng.).
18. Worton M., Still J. (1990) Intertextuality: Theories and Practices. Manchester: Manchester University Press (in Eng.).